

**"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 15
қарашадағы N 372 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 318 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 3 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5227 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 761 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009.12.31 N 761 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 наурыздағы N 175 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері" қаулысының 2 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 15 қарашадағы N 372 бұйрығына (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер Реестрінде тіркелген N 2087) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 қ о с ы м ш а д а ғ ы

Ветеринариялық инспекторлардың мемлекеттік ветеринариялық бақылау объектілеріне беретін ветеринариялық құжаттар (ветеринариялық санитариялық қорытынды, ветеринариялық куәлік, ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) Ережесінің барлық мәтіні бойынша "Ветеринария департаменті" деген сөз "Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын

2. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

